

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған

Омарова Балнұр Әділбекқызының
«Балалар денсаулығының аймақтық даму бағыты мен оны
жақсартудың ғылыми негіздері
(Оңтүстік Қазақстан облысы мысалында)»
диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеудің өзектілігі. Балалардың денсаулық жағдайы тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатының индикаторы ретінде қарастырылады. Өскелең ұрпақ ұлтымыздың дінгегі. Олар еліміздің болашақ еңбек нарығына бой сұғады. Денсаулық сақтау жүйесіне балалардың денсаулық жағдайына туылғаннан назар аудару, анағұрлым тиімдірек.

Балалар денсаулығының жай-күйі туралы зерттеуде қоғамдық денсаулық сақтау саласы ерекше рөл атқарады. Денсаулық сақтау қоғамның әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерін интеграциялайды, ол жаңа мүмкіндіктер мен сапасын бақылайды, сондықтан да бала денсаулығы денсаулық сақтаудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Көптеген ғылыми зерттеу нәтижелері республикадағы балалардың жоғары дәрежедегі аурушандығына, мүгедектігіне және өліміне бірінші кезекте әлеуметтік-экономикалық және санитарлық-экологиялық себептер алып келетіндігін көрсетеді.

Осыған байланысты арасында профилактикалық іс-шаралар қарқынды жүру қажет. Балалар арасындағы түрлі деңгейдегі аурушандықты уақытылы анықтау үшін балаларға көрсетілетін медициналық көмекті ұйымдастыруды жақсарту, жаңа тәсілдерін әзірлеу мен оны жүзеге асыру сапалы ем көрсету, заманауи диспансерлік бақылау қажеттілігі туындауда. Осы мәселелер диссертациялық жұмыстың өзектілігін айқындап отыр.

Осы мәселелерді нақты анықтау мақсатында ұйымдастырылған зерттеу жұмыстарының нәтижелері диссертациялық еңбектің негізгі желісін құрап отыр.

Зерттеудің мақсаты. Балалардың денсаулық жағдайын кешенді зерттеу негізінде, балалардың денсаулық жағдайының заманауи үрдісін анықтау, жиі ауыратын балалардың жастық, жыныстық және әлеуметтік - экологиялық ерекшеліктеріне қарай кешенді сауықтыру шараларын ғылыми тұрғыда негіздеу.

1. Облыстағы балалардың физикалық дамуына ғылыми тұрғыдан баға беру.

2. Жиі және ұзақ ауыратын балалардың аурушандығын туғызатын қауып факторлары мен жасөспірімдердің зиянды әдеттерге бейімділігін анықтау.

3. Өмір сүру ортасының экологиялық жағдайына байланысты аурушандық көрсеткіштерінің қалыптасу ерекшеліктерін зерттеу.

4. Облыстағы балаларға арналған емдік-профилактикалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған әдістеме құрастыру.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мақсатына жету үшін көлденең (бір мезеттік) обсервациялық зерттеу жүргізілді. Аудандық және қалалық емханаларда тіркелген, диспансерлік есепте тұратын балалар кездейсоқ таңдамамен алынды. Алынған мәліметтерге медициналық-статистикалық, әлеуметтік-гигиеналық, сараптамалық әдістер қолданылды. Облыстық статистикалық мәліметтерге талдау жүргізілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

Алғаш рет:

- Балалардың денсаулық көрсеткіштерінің қалыптасуына әлеуметтік маңызы зор аурулардың, қоршаған ортасының, тәрбиеленуі мен ата-анасының салауатты өмір салтын сақтануының қосатын үлесі басым екендігі бағаланды.

- Экологиясы қолайсыз немесе жайсыз аймақтарда тұруы, балалар үйінде тәрбиеленуі, отбасылық тұрмыстың нашар болуы, дамушы ағзаның антропометриялық көрсеткіштерінің бала денсаулығына әсері аурушандыққа және мүгедектікке әкелу көрсеткіштері динамикасының артуы анықталды.

- Озық математикалық және статистикалық әдістерді қолдана отырып, балалар популяциясы денсаулығының жыныстық-жастық, әлеуметтік-топтық ерекшеліктері анықталды;

- Медициналық ұйымдардағы электрондық деректер базасы негізінде, Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысындағы бүгінгі бала денсаулығына бағалау ұсынылды.

- Ресми статистика қорытындысы бойынша, балалар денсаулығының ғылыми негізделген талдауы ұсынылды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы. Билік және басқару органдарына, сонымен қатар тәжірибелік денсаулық сақтау және де қызығушылық танытқан мекемелерге облыстық балалар денсаулығы туралы объективті, ғылыми негізделген мәлімет берілді; анықталған балалар денсаулығының заманауи үрдісі өңірлі мақсатты бағдарламаларды әзірлеуге негіз болады; облыстық мақсатты бағдарламаларды іске асыру, денсаулық сақтау ресурстарын неғұрлым тиімді және ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Дене салмағының индексі, аласалық, дене салмағының жеткіліксіздігі, дене салмағының семіздікпен бірге артықтығы және оқшауланған семіздік көрсетілген WHO-2007 және CDC-2000 стандартталған әдістермен бағаланды.

2. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде балалардағы жиі және ұзақ аурушандыққа алып келетін қауіп факторлары (демографиялық, әлеуметтік-гигиеналық және медико-биологиялық) мен жасөспірімдердің зиянды әдеттерге бейімділігі анықталды.

3. Балалардың денсаулығына әсер ететін қоршаған ортасының әрбір селитебтік аумағындағы (экологиясы жайлы, I - экологиясы жайсыз

селитебтік және II - экологиясы жайсыз селитебтік аумақ) экологиялық-гигиеналық жағдайға байланысты жалпы аурушаңдық көрсеткішінің деңгейі және құрамы анықталды.

4. Кешенді жүргізілген зерттеудің нәтижесінде балалардың денсаулық жағдайын жақсарту мақсатында емдік-профилактикалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру үшін «Балаларды жастық топтары бойынша профилактикалық тексерулерді ұйымдастырудың моделі» ұсынылды.

Ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу. Диссертациялық ғылыми жұмыстың негізгі нәтижелері, Оңтүстік Қазақстан (Түркістан) облысы мен Шымкент қаласының емханаларында, балалардың жасына қарай аурушаңдық көрсеткішінің қалыптасуы, қатерлі себептері және оларға амбулаторлық-емханалық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру туралы оқу құралы тәжірибеде қолдану үшін ұсынысқа жіберілді.

Басылымдар. Диссертациялық жұмыс бойынша 12 жұмыс жарық көрді, соның ішінде:

- 1 мақала «Human Ecology» (импакт фактор 0,742) және Scopus (h индекс 2) мәліметтер базасына кіретін халықаралық журналда;
- 7 мақала отандық және шетелдік ғылыми-тәжірбиелік конференция материалдарында;
- 4 мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда жазылды.